

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 2021 жылғы 23 шілдедегі № 10 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдеде № 23700 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің кейбір мәселелері туралы ереженің 17-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Баға статистикасы департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының Баға статистикасы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасарына (Ж. Ә. Жарқынбаев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Басшының міндетін атқарушы

Ж. Джаркинбаев

Басшының міндетін атқарушы

2021 жылғы 23 шілдедегі

№ 10 Бұйрыққа

қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 232 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12940 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құрылыс ұйымдары сатып алатын құрылыс материалдары, бөлшектер мен конструкцияларға бағаның өзгерісін байқау әдістемесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы) және оның аумақтық бөлімшелері қолданады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жыл бойы мемлекеттік статистиканың аумақтық бөлімшелерінің (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) лауазымды адамдары базалық объектілердің құрылымдық өзгерістерін қадағалайды: меншік нысанының ықшамдалуы (қосылуы), құрылыс қызметінің тоқталуы. Базалық объекті жойылғанда (банкрот болуы) мамандануы, меншік нысаны және атқарылатын жұмыс көлемі ұқсас объектіге ауыстырылады. Базалық объектілер ықшамдалғанда байқауға жаңадан құрылған:

1) егер олар байқалатын құрылыс материалдарының ұқсас ассортиментін сатып алса, бір немесе екі;

2) егер олардың әрқайсысы нақты бір жұмыс түрлерін орындауға мамандандырылған болса, бірнеше объект байқауға қосылады.

Жыл соңында базалық объектілер тізбесін өзектендіру және алмастыру жүргізіледі. Әрбір объект бойынша есепті жыл бойы баға туралы деректерді ұсынуының тұрақтылығына талдау жүргізіледі және орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі қарастырылады. Іріктемеге жыл бойы өңір үшін едәуір жұмыс көлемін атқарған немесе бұрын байқау үшін Ұлттық статистика бюросы әзірлеген бағаларды байқау үшін құрылыс өндірісінде қолданылатын материалдар, бөлшектер

мен конструкциялар түрлерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) қосылмаған құрылыс материалдарын қолданған жаңа ұйымдар қосылады. Оларды іріктеу осы Әдістеменің 2-тарауының 6-8-тармақтарында баяндалған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Аумақтық бөлімшелердің бағаны жинауға жауапты лауазымды адамдары баға ақпаратын жинаумен қатар өз өңірінің құрылыс нарығындағы конъюнктура өзгерісін қадағалайды, жыл сайын Тізбені өзектендіру бойынша өз ұсыныстарын енгізеді. Өзектілігін жоғалтқан өкіл тауарлар нарықтағы бар басқа тауарларға ауыстырылады.";

16-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық бөлімшелердің тиісті лауазымдық тұлғалары баға туралы ақпараттың болмауының әрбір нақты жағдайына талдау жүргізеді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Статистикалық нысанды қабылдауды және алғашқы статистикалық деректердің сапасын және анықтығын бақылауды аумақтық бөлімшелердің лауазымды адамдары жүзеге асырады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін Заңның 12-бабының 17) тармақшасына сәйкес базалық объектінің мамандары бір жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімшелерге жөнелтпе құжаттар, шот-фактуралар, сәйкестік сертификаттары, сынақ хаттамаларын ұсынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 10 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19953 болып тіркелген) "Сатып алынған құрылыс материалдарының, бөлшектер мен конструкциялардың бағасы туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген құрылыс материалдарының жекелеген түрлері бойынша растау құжаттары статистикалық нысанмен бірге ұсынылады."

2. "Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексінің құру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 17 тамыздағы № 164 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14241 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексін құру әдістемесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасының индексін құру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы) және оның аумақтық бөлімшелері коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасына жалпымемлекеттік статистикалық байқау жүргізуде және баға индексін құру кезінде қолданады.";

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Әдістемеді Заңда, сондай-ақ "Сауда қызметін реттеу туралы", "Жол жүрісі туралы", "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында айқындалған мәндерде ұғымдар мен келесі анықтамалар қолданылады:";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Бағаларды тіркеу базалық объектілердің Заңның 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес бекітілетін "Коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға беру бағасы туралы есеп" (1-Ц (жалға беру)) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру және мемлекеттік статистика органдарына ұсыну жолымен ай сайынғы негізде жүзеге асырылады.";

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әр өңір бойынша қалыптастырылған құнды Ұлттық статистика бюросы талдау және құнды нақтылау, оларды түзету (алып тастауға, өзгертуге) және коммерциялық жылжымайтын мүліктің өкіл объектілерінің және объект түрлерінің аймақтық жинағына сәйкес толықтыру үшін аумақтық бөлімшелеріне жібереді.".

3. "Экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдер бағасының индекстерін құру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 20 тамыздағы № 124 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12063 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық

жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдер бағасының индекстерін құру әдістемесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Әдістеме тауарлар мен өнімдердің экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдерінің баға индекстерін құруда және өнімдердің, тауарлардың экспорттық жеткізілімдер мен импорттық түсімдер бағасына жалпы мемлекеттік статистикалық байқау өткізу кезінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы және оның аумақтық бөлімшелері қолданады.";

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы Әдістемедің Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар мен келесі анықтамалар қолданылады:".

4. "Пошталық, курьерлік және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 23 тамыздағы № 170 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14251 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пошталық, курьерлік және байланыс қызметтері тарифтерінің индекстерін құру әдістемесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Әдістемені пошталық, курьерлік қызметтері және байланыс қызметтері тарифтеріне жалпы мемлекеттік статистикалық байқау өткізу кезінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы) және оның аумақтық бөлімшелері қолданады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Экономиканың зерттеліп отырған сегменттері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес әртүрлі шарттарда хаттар мен сәлемдемелерді алу, тасымалдау және жеткізу бойынша қызметтер сияқты пошталық және курьерлік қызметтерді қамтитын "Пошталық және курьерлік қызмет" (ЭҚЖЖ – 53) және телекоммуникациялық және басқа да дауыстық, мәтіндік, дыбыстық және

бейне деректер сияқты "Телекоммуникациялар" (ЭҚЖЖ – 61) бөлімдерімен ұсынылған .";

11-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қызметтердің түрлерін нақтылау үшін көрсетілетін қызметтердің жіктелімі қолданылады.";

19-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізделген тізбені Ұлттық статистика бюросы зерттелген жиынтықтың (ықтималсыздық (мақсатқа) іріктеу) едәуір типті элементтерін зерттеуге мүмкіндік беретін іріктеу арқылы қалыптастырады."

5. "Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индекстерін құру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 308 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14663 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өніміне баға индекстерін құру әдістемесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Ұлттық статистика бюросы) және оның аумақтық бөлімшелері ауыл шаруашылығында өсімдік және мал шаруашылығының өткізілген өнімдерінің бағаларына, орман шаруашылығында өңделмеген сүрекке және соған байланысты көрсетілетін қызметтердің бағаларына, балық шаруашылығында балық аулау және балық өсіру өнімдерінің бағаларына жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде және баға индекстерін құру кезінде қолданады.";

4-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Балық аулау және балық өсіру өніміне баға индексі аулау нәтижесінде өндірілген және өткізудің әртүрлі арналары арқылы өткізілген өнімге бағаның өзгеруін сипаттайды.";

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы Әдістемедің Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар мен келесі анықтамалар қолданылады:";

12-тармақтың бірінші абзацының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) балық аулау және балық өсіру қосылады.";

12-тармақтың бесінші абзацының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) балық өсіру (өсірілген балық және шаянтәрізділер) есепке алынады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Статистикалық байқау бірліктері болып табылады:

1) ауыл шаруашылығы үшін – "Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну" экономикалық қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, шаруа немесе фермер қожалықтары;

2) орман шаруашылығы үшін – "Орман шаруашылығы және ағаш дайындау" экономикалық қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері;

3) балық шаруашылығы үшін – "Балық аулау және балық өсіру" экономикалық қызмет түрімен заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, сондай-ақ жеке тұлғалар, жануарлар дүниесін пайдалануға және балық шаруашылығын жүргізуге рұқсаты болған жағдайда.

Аталған байқау бірліктері экономикалық қызметтің негізгі немесе қосалқы түрі бойынша есепке алынады.";

18-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыл, орман және балық шаруашылығының шаруашылық жүргізуші субъектілері құрылымында шағын кәсіпорындар басым болады, бұл өндірістің бейіні мен мамандануының жиі ауысуымен жүретін бас жиынтықтың қозғалғыштығын негіздейді. Базалық субъектілер санатына түсетін ірі және орта шаруашылық жүргізуші субъектілер жаппай негізде зерттеледі, шағын шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында – іріктеме бас жиынтықтан негізгі өлшемшарт бойынша ең үлкен үлес салмағына ие ең маңызды бірліктерді іріктеуді көздейтін негізгі массив әдісін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Өткізілген (өндірілген) ауылшаруашылық, орман шаруашылығы өнімдері және балық аулау мен балық өсіру өнімдерінің көлемі іріктеудің негізгі өлшемшарты болып табылады.";

20-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) рангілерге бөлу қатарында өткізілген өнім түрлерінің жалпы көлемінен (ең көп құндық деректер) 70 пайызға дейін құрайтын, алдын ала іріктемені құрайтын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа немесе фермер қожалықтары жиынтығы анықталады.";

27-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Балық аулау және балық өсіру өнімінің бағаларын байқау үшін Қазақстан Республикасындағы өндірілетін немесе өсірілетін балықтардың түрлері анықталады.

Мұхит және жағалау суларынан аулау нәтижесінде алынған балық түрлері теңіз балықтары ретінде көрсетіледі, ішкі сулардан ауланған балық және шаянтәрізділер, тұщы су балықтары ретінде көрсетіледі.";

30-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Бағаларды тіркеу базалық объектілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің бағаларына жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандарын толтыруы және мемлекеттік статистика органдарына ұсынуы арқылы ай сайынғы (тоқсан сайынғы) негізде жүзеге асырылады." ;

32-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Өткізу бағалары, егер олар бір ғана өткізу арнасы бойынша өткізілетін, өзгермейтін сапалық сипаттамалары бар бір өкіл-тауарға (көрсетілетін қызметке) тіркелсе, салыстырмалы болып табылады. Баға ақпаратының уақытқа қатысты салғастырмалылығы мақсатында өкіл-тауар түрін және оны өткізу арнасын ай сайын (тоқсан сайын) ауыстыруға жол берілмейді.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Тауардың әрбір түрі бойынша бағаны тіркеу үшін жыл бойы жеткізу көлемдері едәуір тұрақты өткізу арналары іріктеледі.";

39-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Орман шаруашылығы өніміне баға деңгейі сұраныс пен ұсыныстың қатынасына байланысты болады және сүректі дайындаумен байланысты барлық нақты шығындарды қамтиды. Кесілген ағаш материалдарына бағаның негізгі элементі оны дайындауға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 587-бабына сәйкес мөлшерлемелер бойынша бюджетке төлемдер болып табылады. Түбірімен босатылатын сүрекке төлем мөлшерлемелерінің көлемі ағаштардың тұқымдары және жоғарғы бөлігіндегі дің кесіндісінің диаметрі бойынша сараланған, жыл ішінде оларға жоғарылату және төмендету коэффициенттері қолданылады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Балық аулау және балық өсіру өнімдерінің нақты түріне тұтынушының өндірушіге төлеген нарықтық бағасы тіркеледі. Баға қосылған құн салығынсыз және өнімді тасымалдау, экспедициялау, тиеу және түсіру бойынша шығыстарды есепке алусыз тіркеледі.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Балық аулау өніміне тараптарға өткізуге арналған ауланған тауарлық балықтың бір тоннасының бағасы тіркеледі. Жаңа ауланған балықтарды аулау маусымдық сипатқа ие болғандықтан, аулау болмайтын кезеңде балық шаруашылығы ұйымдарының тоңазытқыш қоймаларында сақтаулы мұздатылған балықтың бағасы тіркеледі, жон еті алынған (жон етіне бөліктелген) балықтар қосылмайды.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Балықтың нақты түрі бойынша баға жыл ішіндегі жеткізу көлемдері едәуір тұрақты өткізу арналары арқылы тіркеледі. Тауардың әрбір түрі бойынша бағаны тіркеу үшін өткізу арналары іріктеледі олар бойынша өнімді өткізу тұрақты негізде жүзеге асырылады.";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Байқалатын өнім түрлерінің сапалық сипаттамасының өзгеруі кезіндегі бағаны түзету әдістері";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. "Бағаны келесі кезеңге ауыстыру" әдісінде өткен кезеңдегі тіркеу бағаларын пайдалану жүзеге асырылады. Әдіс өткізілуі қысқа уақыт болмайтын және бағаның өзгеріссіз қалатынын немесе шамалы ғана өзгеретінін болжауға негіз болатын өнімдер үшін, сондай-ақ жылыжайда өсірілгендерден басқа, өндіру жүзеге асырылмайтын айлардағы маусымдық өнімдерге қолданылады. "Бағаны келесі кезеңге ауыстыру" әдісін қолдана отырып өнім түрінің орташа бағасын есептеу мысалы осы Әдістеменің Қосымшасында келтірілген.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Статистикалық тәжірибеде сапасының қатты өзгергені көрінетін немесе жоғалып кеткен өнімдер үшін "шартты бағаларды" қолдануды көздейтін жалпы орташа шаманы шартты есептеу әдісі бар. Өндірістің маусымдылығына (өнім өндірді және бір мезгілде өткізді, егіннің бүлінуі, объектінің жойылуы) қатыссыз себептерге байланысты бір немесе бірнеше базалық объектілер бойынша өнімдерді өткізу болмаған жағдайда "шартты" баға іріктемеге қосылған басқа да базалық объектілердегі бағаның өзгеру үрдісіне сүйене отырып есептеледі.";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Индекс салмағы";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Салмақтау схемасын қалыптастыру үшін егіннің шықпауы, табиғат-климат жағдайларына, банкрот, ауылшаруашылық кәсіпорындары мамандануының ауысуы, ауылшаруашылығы өнімдеріне сұраныстың өзгеруі себептеріне байланысты өнімді өндіру және өткізу құрылымында ауытқуды болдырмау мақсатында есепті кезеңнің алдында өткен үш жылдың құндық деректері қолданылады.";

53-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің баға индексында ескерілетін негізгі маусымдық өнімдер қияр, қызанақ, жылыжайларда және ашық топырақта кезек-кезек өсірілетіндер, баялды, бұрыштар, бақша дақылдары, қант қызылшасы, жүзім, шекілдеуікті жемістер, сүйекті жемістер, жидекті жемістер болып табылады.";

55-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтпелі кезеңде жаңа және ескі салмақтар бойынша баға индекстері есептеледі және ескі салмақ бойынша есептелген баға индексі жаңа салмақ бойынша есептелген индекске қатынасы ретінде тіркеу коэффициенті табылады. Алынған тіркеу коэффициентіне өтпелі кезеңде алынған баға индекстері көбейтіледі.";

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"58. Құрылған салмақтау схемасы бірнеше жылдар бойы пайдаланылады. Жыл сайын, бір мезгілде балық аулау және балық өсіру өнімдерінің өңірлік тізбесінің өзгеруімен, қалыптастырылған салмақтау схемасына тиісті түзетулер жүзеге асырылады. Салмақтау деректерін өзгерту (жою және енгізу) өңірлерде өнімді өткізу көлемінің арасалмағында болған өзгерістерді есепке алады. Құндық деректерді толық ауыстыру осы уақытта және базалық кезеңде балық аулау және балық өсіру өнімдерін өткізуден түскен табыстардың айтарлықтай құрылымдық сәйкессіздігі кезінде, сонымен қатар жаңа базалық кезеңге өту мен бағалық бақылау (бес жылда бір рет) үшін айқындалған өнім түрлерін тиісінше қайта қарау (кеңейту) кезінде жүзеге асырылады.";

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Орташа бағаларды және бағалар индекcін есептеу";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Өңір бойынша жекелеген позициялардың орташа бағасы өкіл-тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) орташа бағаларынан орташа геометриялық шама ретінде анықталады:

$$\overline{P}_{jn} = \sqrt[k]{p_1 \times p_2 \times \dots \times p_k}, \quad (1)$$

мұндағы:

\overline{P}_{jn}

– n кезеңіндегі j өнімінің түрі бойынша орташа баға;

p1, p2, pk – n кезеңіндегі j өнімі түрі өкіл-тауарларының бағалары;

k – өкіл-тауарлар саны.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің орташа бағасын есептеу кезінде облыс бойынша жекелеген позициялар бойынша орташа баға аудандар бойынша орташа салмақталған орташа бағалардан есептеледі.";

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Өкіл-тауар бойынша баға индексі ағымдағы және өткен кезеңде өнімнің әрбір түрінің нақты бағасын салыстырудың қарапайым салыстырмалы шамасы болып табылады:

$$In_i = \frac{Pn_i}{P(n-1)_i}, \quad (3)$$

мұндағы:

In_i – өкіл-тауар бойынша баға индексі;

Pn_i – n_i есепті кезеңіндегі өкіл-тауардың бағасы;

$P(n-1)_i$ – $(n-1)_i$ өткен кезеңіндегі өкіл-тауардың бағасы.

Өңір бойынша өнімдер бойынша баға индексі екі кезеңдегі салмақталмаған орташа геометриялық бағаның арақатынасы ретінде Джевонс формуласымен есептеледі:

$$I_j = \frac{\sqrt[k]{\prod_{j=1}^k P_n}}{\sqrt[k]{\prod_{j=1}^k P_{n-1}}}, \quad (4)$$

мұндағы:

I_j – өңір бойынша өнім бойынша баға индексі;

$n, n-1$ – тиісінше салыстырудың есепті және өткен кезеңдері;

p_n, p_{n-1} – сәйкес кезеңге өнім бірлігінің бағасы;

j – салмағы бар және бірнеше нақты өкіл тауарларды (бірден k -ға дейін) біріктіретін өнім түрі;

k – өнім түрін анықтайтын өкіл тауарлар саны.";

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Өткен жылғы желтоқсанға (төртінші тоқсанға) баға индексі есепті кезеңнің баға индексі алдыңғы жылдың желтоқсанына (төртінші тоқсанына) өткен кезеңнің баға индексіне көбейту арқылы анықталады:

$$I_{i,d} = In_i \times I(n-1)_i d, \quad (6)$$

мұндағы:

$I_{i,d}$ – есепті n айдың өткен жылғы желтоқсанға (төртінші тоқсанға) баға индексі;

In_i – есепті n айдың өткен $n-1$ айға баға индексі;

$I(n-1)_i d$ – өткен $n-1$ айдың өткен жылғы желтоқсанға (төртінші тоқсанға) баға индексі.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Есепті жылғы бағаның айлық (тоқсандық) индексін өткен жылғы тиісті айға (тоқсанға) есептеу индекстік қатардағы есепті жылғы бағаның айлық (тоқсандық) индексін өткен жылғы индекстік қатардағы бағалар индексіне бөлу арқылы жүзеге асырылады:

$$I_{p_t} = \frac{I_{p_t, n}}{I_{p_t, (n-1)}} \quad (7)$$

мұндағы:

I_{p_t} – n есепті жылғы t айының (тоқсанының) баға индексі өткен жылғы $(n-1)$ тиісті айға (тоқсанға);

$I_{p_t n}$ – индекстік қатардағы n есепті жылғы t айының (тоқсанының) баға индексі;

$I_{p_t (n-1)}$ – индекстік қатардағы $(n-1)$ өткен жылғы t айының (тоқсанының) баға индексі.";

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Ауылшаруашылығы өндірушілері сатып алған өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге баға индексін құру";

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Қалалар мен аудандардағы базарларда ауыл шаруашылығы өнімі мен оны қайта өңдеу өнімдерінің бағаларын бақылау";

11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Деректерді тарату";

79-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өңірлік деңгейде өнімнің, тауардың әрбір түрі бойынша салықтарды қоса алғанда сату күндеріндегі бағалар тіркеледі. Егер тірі малдың, құстың және ауыл шаруашылығы өнімінің басқа да түрлерінің мамандандырылған базарлары демалыс күндері жұмыс істейтін болса, онда бұл күндері де бағаларды тіркеу көзделеді. Бағаларды мемлекеттік статистиканың аумақтық бөлімшелерінің бағаны жинауға жауапты тиісті лауазымды адамдары базарларға бару арқылы тіркейді. Базарда ауыл шаруашылығы өнімінің түрі болмаған жағдайда, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе интернет-ресурстарда орналастырылатын хабарландырулардан бағалар тіркеледі. Іріктеліп алынған өнімнің нақты түрі бойынша алдағы кезеңдерде бағаларды тіркеу үшін бағдар болатын айқын сипаттама көрсетіледі: тірі мал үшін – жасы, тұқымы, қондылығы, көкөністер мен жемістер үшін – сапасы, сұрыпы.";

81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"81. Аудан бойынша өнімнің, тауардың түрі бойынша есепті айдың орташа бағасы есепті айдың тіркелген бағаларынан орташа геометриялық баға ретінде айқындалады. Өңір бойынша өнім түрі бойынша орташа баға аудандардың бағаларынан орташа

геометриялық шамасы ретінде, Қазақстан Республикасы бойынша – өңірлердің орташа бағаларынан есептеледі.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Халықаралық Валюта Қоры әзірлеген деректерді таратудың Халықаралық арнайы стандартына сәйкес ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдеріне өндірушілердің баға индексі ақпаратты шығарудың алдын ала белгіленген мерзіміне сәйкес ай сайын, тоқсан сайын жарияланады. Ақпарат баспасөз хабарламасы, жедел ақпарат түрінде оларды Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында орналастыру арқылы барлық пайдаланушылар үшін бір мезгілде таралады. Тауарлар топтары, кластары және түрлері бойынша неғұрлым нақтыланған бағаның өзгеруі туралы ақпарат статистикалық бюллетеньдерде, жинақтарда жарияланады.

Пайдаланушыларға өндірушілердің ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдеріне баға индексінің жариялануы қысқаша әдіснамалық түсіндірмелермен бірге беріледі.

Қоғамның индекске деген сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында бағаны тіркеу рәсімдерін және баға индексі есептеу тәртібін сипаттау Ұлттық статистика бюросының сайтында қолжетімді буклеттер, кітапшалар және басқа да басылымдар түрінде жарияланады.

Орташа бағаларды жариялау өңір және Қазақстан Республикасы бойынша есептелген орташа бағаның репрезентативтілігін сақтау кезінде жүзеге асырылады.";

көрсетілген Әдістемеге 1-қосымша оң жақ жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Өндірушілердің ауыл,
орман және балық
шаруашылығы өніміне баға
индекстерін құру әдістемесіне
қосымша".